



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

Жалпы психология

Тоқсанбаева Н.Қ.
психо.ғ.д., профессор

Модуль 1

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Дәріс

Мотивация

Мотивация

Мотивация ұғымы - адамның нақты бір мақсатқа жетуге бағытталған талаптану жүйесімен түсіндіріледі. Адам қажеттіліктері әртүрлі болады.

Қазіргі кезде қажеттіліктің материалдық (тамақ, киім, тұрғын үй т.б.) және рухани (қоғамдық өмірге, еңбекке, қарым-қатынасқа, білім алуға, шығармашылық т.б.) түрлерін бөліп шығарады. Мұндағы қажеттіліктердің кез-келген жіктелуі де шартты болады.

Қажеттіліктер-адамның барлық психологиялық іс-әрекеті, оның ақыл-ойы, сезімі еркі құрылатын ең басты негіз болып табылады.

Мотивация

Мотив - бұл адамның белгілі бір әрекет үшін саналы меңгерілген талаптануы. Ол адамның өзінің қоршаған жағдайын және алдына қойған мақсатын бағалау, ақылға салу, есептеу деңгейіне байланысты мазмұны анықталып қалыптасады.

Мотивация механизмінің дамуын талдағанда адам мотивациясының ерекшеліктерін алдын-ала анықтау мәселесінің маңызы зор.

Мотивация

Адам мотивациясының төмендегідей бірнеше ерекшеліктері бар:

-адам мотивациясының шығу тегі әлеуметтік сипатта болады. Оның қажеттіліктерінің заттылығы қоғамдық өндірістің нәтижесі болып табылады. (А.Н.Леонтьев, Мильман);

-адам мотивациясының биологиялық мотивациядан айырмашылығы-қоғам қажетіне жауап береді.

-адам мотивациясы-интеллект, сөйлеу, санамен тікелей байланысты. (Ковалев, Хекхаузен);

Мотивация

- адам мотивациясына онтогенез барысында арнаулы бағытталған негізгі мазмұнын тәрбие процесі белгілейтін қалыптастырушы ықпалдың әсері зор.(Иванчук, Симонов);
- адам мотивациясы ерік процестері көмегімен жүзеге асырылады.
- адам мотивациясының тұрақтылығы, ситуациялылығы, функционалдық дербестігі организм қалпына байланысты болады.
- адам мотивациясының өмірлік алыс мақсаттарға бағытталынуы. (Баранидзе, Обуховский);

Мотивацияның психологиялық теориялары

Мотивация туралы теориялар ежелгі грек философтары ілімдеріндегі рационализм және иррационализм бағыттарымен бірге дамыды.

XIX ғасырдың ортасына дейін ықпалы басым болған рационалистік позициясы бойынша, адам жануарларға еш қатысы жоқ ерекше жаратылыс ретінде қарастырылды. Тек адам ғана сана, ақыл-ой, ерік -жігерге ие бола алады. Бұл бағыт бойынша мотивацияның қозғаушы күші - адамның ақыл-ойы мен санасы және еркімен байланысты. Иррационализм негізінен жануарлар әлемі туралы ілім болды.

.

Мотивацияның психологиялық теориялары

Мотивация туралы психологиялық теориялардың дамуында XVII-XVIII ғасырда жоғарыдағы аталған идеялар (рационалистік, иррационалистік) негізінде құрылған екі теорияның маңызы зор болды.

Бірінші, адам іс-әрекеті мен жүріс-тұрысын рационалистік тұрғыда түсіндіруші “Шешім қабылдау” теориясы-экономика саласына математикалық білімдердің енгізілуіне байланысты адамның экономикалық жүріс- тұрыстық шешім қабылдауы. Кейіннен, бұл адам іс-әрекетінің барлық сферасына қатыстырылды.

Мотивацияның психологиялық теориялары

Екіншісі - адам іс-әрекеті мен жүріс-тұрысын иррационалдық тұрғыда түсіндіруші “Автоматизм” теориясы- осы ғасырдағы механика жетістіктері нәтижесінде пайда болып, кейіннен тірі организмнің сыртқы әсерге тума, автоматты, механикалық жауабын қарастыратын рефлекс идеясымен жалғасты.

Бұл теориялардың бірі-адам, екіншісі-жануар жүріс-тұрысын түсіндіруге бағытталған, бір-біріне тәуелсіз, жеке және философиялық ілімдердің екі үлкен лагеріне негізделген, жеке адамның мотивациясының қозғаушы күші туралы бұл теориялар ХІХ ғ. аяғына дейін өмір сүрді.

Мотивацияның психологиялық теориялары

ХІХғ. екінші жартысы барлық ғылымдар саласы үшін күрделі жаңалықтарға толы болды.

Соның бірі - Ч.Дарвиннің “эволюциялық теориясы”.

Ч.Дарвин өз ілімі арқылы осы уақытқа дейін адам мен жануарды анатомиялық, физиологиялық, психологиялық тұрғыда өзара сиыспайтын екі үлкен топқа бөліп қарастырып келген бағыттар арасында ғылыми негізделген көпір орнатты.

Мотивацияның психологиялық теориялары

XX ғасырдың 20-шы жылдарында шетел психологиясында “инстинкт” түсінігі неғұрлым әйгілі болды.

Осындай мәні бойынша, биологиялық иррационалдық теориялардың бірі - З.Фрейд негізін салған “Инстинкттер теориясы” болды.

Олар адам жүріс-тұрысының қозғаушы күштерінің себебін тума инстинктерден іздеуге батыл қадам жасады. З.Фрейд бойынша мұндай инстинкттер саны үшеу; өмір сүру, өлім, агрессивтілік инстинктері.

Мотивацияның психологиялық теориялары

3.Фрейд бойынша, мотивация биоэнергетика емес, психоэнергетиканы көрсетеді, бұл жүріс-тұрыстың психикалық себептілігін бейнелейтін оның динамикалық сипаттамасы. Ол құрастырған мотивацияның бастапқы 3 компоненті бар:

“Мен”- жеке адамның өзіндік санасы.

“Ол”- санадан тыс құмарлық.

“Жоғарғы-Мен” өмір әрекеті барысында жеке адам санадан тыс игерген моральдық стандарттары, тыйымдары, ынталандырулары. Жеке адамның бағыттанған белсенділігі болып жоғарыда аталған компоненттердің арасындағы қарама- қайшылықтардың нәтижесі табылады.

Мотивацияның психологиялық теориялары

Мотивация механизмдерін зерттеу бихевиористік мектепте орталық орын алған. Мотивация мазмұнын анықтау үшін бихевиоризм ілімінде “драйв” деген арнайы түсінік енгізіледі, яғни ол- адамды немесе жануарды белсенді болуға мәжбүр ететін стимул немесе қозғаушы. Өзінің психологиялық мазмұны бойынша, инстинкт түсінігімен сай келеді.

Осы мәселені необихевиористер К.Халл, Э.Толмен, Б.Скиннер және басқалары шешуге тырысады. Олар ұсынған S—R формуласының моделі аралық элементтер қатарымен толықтырылған.

Мотивацияның психологиялық теориялары

А.Маслоудың мотивацияның тұлғалық теориясы негізінде өз-өзін актуализациялау концепциясы жасалған.

Негізгі еңбектері «Мотивация и личность» (1954, 1957) Маслоу концепциясы бойынша, әрбір адамда өмірге келген сәттен бастап, белгілі бір қажеттіліктер жүйесі бірге дамып отырады. Осы төменгі деңгейдегі қажеттіліктер өтелген кезде ғана одан жоғары орналасқан қажеттіліктері бой көрсете бастайды.

Мотивацияның психологиялық теориялары

Физиологиялық қажеттіліктер; (тамақ, демалу, шөл, жыныстық қатынас)

Қауіпсіздік қажеттіліктері; (өзін, сәтсіздік, қорқыныш жағдайларынан қауіпсіз сезіну, өз-өзін қорғау қажеттілігі),

Сүйіспеншілік және өзін қабылдау қажеттілігі; (өзінің белгілі бір ортада қабылдануы, танылуы, ұнатуы сезімдеріне бөлену қажеттілігі),

Өзін құрмет тұтуға қажеттілік;(өзінің қажеттілігін сезіну, біліктілік, табысқа жету, құптау, жетістігін мойындату).

Өзін жүзеге асыруға немесе жетілдіруге қажеттілік; (өз мақсатын, қабілеттерін жүзеге асыру, жеке тұлғасын дамыту).

Мотивацияның психологиялық теориялары

Адам жүріс-тұрысын түсіндіруде көп қолданылатын теориялардың бірі - **«Мотивацияның когнитивті» теориясы.**

Бұл теория бойынша, негізгі мәселе адам санасы мен біліміне, оның танымымен байланысты феномендерге тікелей байланысты болып саналады. . Бұл факторға алғашқылардың бірі болып көңіл аударған- “Когнитивті диссонанс” теориясының негізін салушы Л.Фестингердің мотивация теориясы әлеуметтік психология мен биология негізінде қалыптасқан. Негізгі еңбектері- «Теория когнитивного диссонанса»(1958), Оның пікірінше, адам бойындағы жалпы әлем туралы және өзі туралы білімдер жүйесі өзара келісімге ұмтылады.

Мотивацияның психологиялық теориялары

А.Н.Леонтьевтің “Адам мотивациясының іс-әрекеттік тегі” теориясының маңызы зор. Бұл теория адамның мотивациялық сферасының өзгеру динамикасы мен шығу тегін түсіндіруге бағытталған. Психиканың даму анализі, адам санасының генезистегі қалыптасуға көзқарасынан мотивация мәселесін шеше отырып ол былай дейді, «адам өзінің жеке адам ретінде қалыптасуының психикалық көрінісін өзінің мотивациялық сферасының дамуынан табады».

Мотивацияның психологиялық теориялары

Мотивация 2 топ мотивтерден құралады, мағына-мотивтер және стимул-мотивтер.

1-ші топ мотивтер іс-әрекеттің жеке адамдық мағынасын анықтайды.

2-ші топ мотивтері де іс-әрекетті себептендіреді, оның орындалуының стимулдары ретінде көрінеді.

Мотивация түрлері

1) Табысқа жету және сәтсіздіктен қашу мотиві.

Табысқа жету мотивін ұстанған адамдар өз іс-әрекеті алдына нәтижесі сөзсіз табысқа әкелетін іс-әрекет түрлерін, әдіс-тәсілдерін таңдап алып, оған жетуге белсенді атсалысады. Мұндай адамдардың когнитивті сферасында табысты күту, яғни табысқа жету сенімділігі болады. Олар өз іс-әрекетін басқалардың қолдауы, құптауын сезініп, осыған сай іс-әрекеті жағымды эмоцияларға толы болады. Оларға өз ісіне бар күш-жігерін жұмсау, қойған мақсатына бар зейінін шоғырландыру тән болып келеді.

Мотивация түрлері

Керісінше, сәтсіздіктен қашу мотиві басым адамдарда, іс-әрекеттегі негізгі мақсат табысқа жету емес, сәтсіздіктен қашу болып табылады. Олардың бар күш жігері осы мақсатқа жұмылдырылғандықтан, оларда сенімсіздік, сынға ұшырау, сәтсіздік қорқынышы нәтижесінде жағымсыз эмоция басым болады.

Мотивация түрлері

- 2) Аффiliation мотиві.** Бұл мотив адамдардың өзара қарым-қатынас кезінде адамдармен жағымды, эмоциялық тұрғыда жылы қарым-қатынас жасауға талпыну ретінде көрінеді. Бұған қарама-қарсы адамның басқа адамдар тарапынан шеттетілуінен, өзін қабылдамауынан қорқу мотиві де байқалады.
- 3) Билік мотиві.** Бұл мотив адамның басқа адамдарға үстемдік немесе билік көрсетуге талпынуы.

Мотивация түрлері

4) Альтруизм немесе көмек көрсету мотиві.

Альтруистік мінез-құлықты адамның қоршаған ортадағы басқа адамдардың жағдайын жасауға бағытталған әрекеттері ретінде түсіндіруге болады. Мұнда қамқорлық көрсету, басқаларды қолдау, қорғау, жайландыру талпыну мотивтері ретінде көрінеді.

5) Агрессия мотиві.

Адамға моральдық, материалдық немесе физикалық зақым келтіретін әрекеттерді агрессия деп айтады. Агрессия тек фрустрацияға деген реакция ретінде ғана емес, басқа адамдарға бөгет жасау, оларға әділетсіздік көрсету, оларды кеміту, зақым келтіру ретінде көрінуі мүмкін.

Дәрісте пайдаланылған әдебиеттер:

- Высоков, И.Е. Общепсихологический практикум. Учебное пособие / И.Е. Высоков., Ю.Е. Кравченко, Т.А. Сысоева. – Л.: ,2015. – 508с.
- Ильин, Е.П. Мотивация и мотивы / Е.П. Ильин. – М.: Питер, 2018. – 512с.